

БЕКІТЕМІН
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау
министрлігінің жауапты
хатшысы А.Д.Құрманғалиева

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
қызметкерлерінің іскерлік стилінің стандарттары бойынша
әдістемелік ұсынымдар

1. Жалпы ережелер

1. Осы Әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) 5-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) қызметкерлерінің өз қызметтік міндеттерін орындау кезінде қолдануға арналған.

2. Осы Әдістемелік ұсынымдардың ережелері Министрліктегі іскерлік стиль стандартын белгілеуде бірыңғай әдістемелік тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді.

2. Классикалық іскерлік киім киюдін
жалпы міндетті стандарттары

3. Министрлік қызметкерінің сырт келбеті азаматтардың мемлекеттік органға құрметпен қарауына ықпал етуіне, Қазақстан Республикасында қалыптасқан ресмилікпен, ұстамдылықпен, ұқыптылықпен, үйлесімділікпен, сыпайылықпен ерекшеленетін, жалпы қабылданған іскерлік және ұйымдастырушылық стилінің талаптарына сәйкес болуы тиіс.

4. Министрлік қызметкерлерінің, оның ішінде ерлердің де, әйел адамдардың да киімі ресми - іскерлік стильде болуы тиіс және өз қызметінің негізгі мәніне сәйкес, функционалды жағынан қолайлы, жұмысына ыңғайлы болуы қажет, лауазымдық міндеттерін орындау кезінде өзіне кедергі келтірмеу және айналасындағы адамдардың назарына ілікпеуі тиіс. Киімнің жинақтылығы, әдемілігі және ұқыптылығы мемлекеттік қызметтің тұрақтылығын, сенімділігін, маңыздылығын және мәдениетін сипаттауы тиіс.

5. Ерлерге классикалық стильдегі қатаң костюм кию ұсынылады. Киімнің міндетті атрибуты галстук болып табылады. Жейделер ақ, бозғылт-

көгілдір, басқа да ашық сары түсті, ұзын жеңді, қайырмалы жағасы болуы тиіс.

Әйел адамдарға классикалық костюм (жакет, юбка немесе шалбар), көйлек, юбка/шалбар және жейдеден тұратын жиынтықтағы киім кию ұсынылады.

6. Киімге қойылатын негізгі талаптар: қолайлылық, жинаңқылық, ыңғайлылық және де ерекшеленбеу. Кейбір киім көлеміне қарай ерекшеленуі, бірақ қимылдауға бөгет жасамайтындай, қатаң түрде көрінуі мүмкін.

7. Киімнің түсі классикалық іскерлік стильге сәйкес болуы тиіс, тым ашық түстер, шектен тыс ала-құла болуға рұқсат етілмейді. Қара, көк, сұр, ашық сары түріндегі ұстамды түстер неғұрлым үйлесімді болуы қажет.

8. Жыл мезгіліне байланысты киім қатаң және әдемілік талаптарын сақтай отырып, маталарға сәйкес келуге тиіс. Қысқы кезеңде ауыстыратын аяқ-киімді пайдалану қажет.

9. Әшекей бұйымдарды таңдау кезінде ұстамдылық пен орынды парасаттылық танытқан жөн. Сыңғырлайтын білезіктер, түрлі стильдегі әшекейлер, мөлшерден тыс көп сақиналар, аяққа тағылған бауға және т.б. тыйым салынады.

10. Шаш әрқашан таза, таралған және ұқыпты үлгіде жиналған болуы тиіс (иықтан төмен түсетін шаш жинақы болуы тиіс).

11. Ерлердің де, әйел адамның да қолдары мұқият таза жинақы болуы тиіс.

12. Министрліктің қызметкеріне келушілерді қабылдау кезінде өзінің мүсіні мен тұрысына көңіл бөлуі қажет, себебі өзін-өзі шектен тыс еркін ұстау қарым-қатынасқа едәуір кедергі келтіруі, мемлекеттік органның қызметі мен оның қызметі туралы әдепсіз және теріс пікір қалыптастыруы мүмкін.
